



**Аубакирова Роза Аблакимовна, п.ғ.к.,  
ЖАК доценті, химия кафедрасының профессоры**

Р.А. Аубакирова 1978 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін тәмамдады. Университетті бітіргеннен кейін Қазақ Мемлекеттік университеті аналитикалық химия кафедрасында зерттеуші-тағылымгер ретінде қалды. 1983 жылы химия кафедрасының 02.00.02 – Аналитикалық химия мамандығы бойынша аспирантурасына түсіп, «Ренийді ілеспе компоненттерден сандық бөлу әдісін салыстырмалы зерттеу және әзірлеу» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 1983 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ химия факультетіне қарасты

электрохимиялық талдау әдістері және радиохимия зертханасының кіші ғылыми қызметкері етіп тағайындалды.

1985 жылы жоғары және орта арнайы білім министрлігінің бұйрығымен Өскемен педагогикалық институтына аға оқытушы лауазымына ауыстырылды. 2000 жылы «Аналитикалық химия» мамандығы бойынша ЖАК доценті атағын алды. Қазіргі таңда Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті химия кафедрасының профессоры. Жалпы еңбек өтілі – 39 жыл, ал С. Аманжолов атындағы ШҚУ-де жалпы педагогикалық өтілі 37 жылды құрайды.

Педагогикалық және ғылыми тағылымдамадан өту:

1) 2020 жылы Coursera білім беру платформасының «Онлайн-курстарды құру теориясы мен практикасы» атты курсынан (сертификат) ([coursera.org/verify/92VVJRL66SB](https://coursera.org/verify/92VVJRL66SB) 04.09.2020 ж., көлемі 72 сағат) сәтті өтті;

2) 2021 жылы ҚазҰУ-дың Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтының жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған курсы (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Химия» мамандығы бойынша куәлік № 9201, көлемі 72 сағат) тәмамдады;

3) 2022 жылы 5-ші наурызынан 19-шы наурыз аралығында «Жоғары оқу орындарында сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін баптау» біліктілікті арттыру курсынан (2022 жылғы 19 наурыздағы № до-Ю8 сертификаты, көлемі 72 сағат) өтті.

Р.А. Аубакирова келесідей пәндерден сабақ береді: аналитикалық химия, химиялық технология, минералды шикізатты талдау, металлургия өндірісінің жекелеген кезеңдеріндегі аналитикалық бақылау (бакалавриат), хемометрика, металлургия өнеркәсібі өнімдерін талдаудың әдістемелері мен әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу (магистратура), аналитикалық химия әдістемесі, жоғары мектепте аналитикалық химияны оқытудың теориялық аспектілері (докторантура) пәндерін оқытады.

Р.А. Аубакирова ғылыми-шығармашылық қызметпен белсенді айналысады. Ол Scopus/Web of Science библиографиялық және рефераттық деректер базасының платформаларында индекстелген импакт-факторы бар бірнеше шет тілді мақалалардың авторы. Р.А. Аубакирова 140-дан астам ғылыми мақалалар, патенттер және бірқатар оқу құралдарын жариялады.

